

Маңғыстау облысы			
ҮЕҰ атауы	Жоба атауы	Жоба мақсаттары мен сипаты	2019 жылдың нәтижелері
1. «Эко Маңғыстау» ҮЕҰ	Маңғыстау облысындағы туристік орындардың рекреациялық әлеуетін қалпына келтіру	<p>Кең жұртшылықтың қатысуымен алдын ала табиғат қорғау шаралары мен экологиялық мәдениетті қалыптастыру арқылы Маңғыстау облысының рекреациялық орындарының туристік тартымдылығын арттыру.</p> <p>Міндеттері:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Еріктілердің қатысуымен рекреациялық орындарда санитарлық тазалау шараларын жүзеге асыру; 2. Рекреациялық орындарда ақпараттық тақталар орнату; 3. Рекреациялық орындарда қалдықтарды сұрыптап жинауға арналған қораптар орнату; 4. Шағын және орта бизнес субъектілерімен және аудандық әкімшіліктермен әрі қарай қызмет көрсету және қалдықтарды шығаруға арналған меморандум жасасу; 5. Мектептерде табиғатқа шыққанда тәртіп сақтау туралы ақпараттық тақталар орнату; 6. Мектептерде “Табиғат дәрістерін” өткізу. 	<p>Жобаны орындау кезінде келесі іс-шаралар өткізілді:</p> <ul style="list-style-type: none"> – Ақпараттық тақталар әзірленіп, 35 мектепте орнатылды; – “Табиғат дәрістері” бағдарламасының модулі әзірленді. Ақтау және Форт-Шевченко қалалары мен Ақшұқыр, Құрық, Боранқұл ауылдарының 35 мектебінде дәрістер өткізілді. 2172 оқушы үшін “Табиғат дәрістері” бойынша 198 сағат жұмсалды; – Енгізілетін жобаларды, қоқыс жинауды және қоқыстарды сұрыптауды дәріптейтін ақпараттық науқандар бұқаралық ақпарат құралдарына таратылды; – Демалу орындарында 12 сенбілік өткізіліп, оған 1 090 ерікті қатысқан; – Қоқыс контейнерлері орнатылған; – 89 оқушы арасында қоршаған ортаны қорғау тақырыбына арналған сурет сайысы өткізілді; – Ақпараттық тақталар әзірленіп, демалу аймақтарында орнатылған.
2. «Жастар Жетістіктері» ҚҚ	«ЖАСАР» жастар көшбасшылық мектебі	<p>Ақтау қаласы жастары мен жасөспірімдерінің көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілетін дамыту және дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Міндеттері:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жастар мен жасөспірімдер үшін көшбасшылық мектебін ашу; 2. 15-20 ж. аралығындағы жастардың көшбасшылық дағдыларын дамыту әлеуетін арттыруға ынталандыру; 3. Ұйымдастырушылық қабілетті дамыту және алған білім мен үйренген дағдыларды тәжірибеде пайдалану есебінен ынталандыру; 4. Басқа өңірлер мен Маңғыстау облысы аудандарында жастар мен жасөспірімдер үшін көшбасшылық мектебінің тәжірибесін тарату. 	<p>Жоба жоспарын жүзеге асыру және ақпаратты тарату мақсатында 29 наурыз бен 15 сәуір аралығында іс-шаралар жүргізілді және “Жасар” жастардың көшбасшылық мектебіне онлайн режимде алу шаралары өтті. Бірінші топқа 17 адам алынды. Екінші топқа алу шаралары мамыр айында Маңғыстау облысы білім басқармасының қолдауымен өткізіліп, оған 23 адам қатысты. Шараға қатысушылар үшін келесі оқыту курстары өткізілді: «Коммуникациялық дағдылар», «Көшбасшылық», «Идеядан жобаға дейін», «Ұжымды қалыптастыру», «Жұмыс уақытын ұйымдастыру», «Қол жетімді коммуникация», «Уақытты басқару», «Көшбасшылық».</p> <p>Жоба шеңберінде оған қатысушылар арасында әлеуметтік жобаларға арналған идеялар сайысы өткізіліп, жеңімпаздар өз жобаларын жүзеге асыру үшін қаржылай гранттар алды. 2019 жылдың шілдесі мен желтоқсан аралығында жобалар “Жастар Жетістіктері” ҚҚ қолдауымен сәтті түрде жүзеге асырылды:</p> <p>«Біздің уақыт», жетекші - Ержан Манарбек, студент. Жобаның мақсаты: Ақтау қаласының тұрғындары мен қонақтарына жағалауда бос уақыт өткізуді ұйымдастыру. Жоба шеңберінде келесі шаралар өткізілді: 2 спорттық іс-шара, “Гитара Party” бойынша 4 іс-шара, «Домбыра Party» бойынша 8 іс-шара, «Dance Battle» бойынша 3 іш-шара. «Гитара пати», жетекші - Төреханов Бауыржан, 3 курс студенті. Жоба шеңберінде жағалауда “Гитара пати” өткізіліп, содан кейін Ақтау технологиялық қызмет көрсету колледжінің оқушылары мен студенттер арасында сайыс ұйымдастырылды. Жеңімпаз сыйлыққа гитара алды.</p> <p>«ChessLand», жетекшісі - Қамысбаева Айгерім, студент. Жобаның мақсаты: Ақтау жастарын шахмат ойынына тарту. 2019 жылы тамызда күн сайын кешке жағалауда әртүрлі жастардағы ниет білдіруші адамдарға шахмат турнирі ұйымдастырылды. Турнир жеңімпаздары алғыс хаттармен және сыйлықтармен марапатталды.</p> <p>«Жасар» еңбек биржасы, жетекшісі Қыдыров Абылай, 2-курс студенті. Жобаның мақсаты жастардың жұмыс іздеуіне көмектесу үшін жұмыспен қамту орталығын ашу. Нәтижесінде 120-дан аса студент сатушы мен даяшы ретінде жұмысқа тұрған.</p> <p>Жаз мерзімінде мүмкіндігі шектеулі балаларды сауықтыруға арналған қаңқалы хауыз, жетекшісі - Қалмағанбетов Жәнібек, 1-курс студенті («Лаура» ҚҚ-мен ықпалдаса отырып). Теңізде шомыла алмайтын балдарға хауызда шомылу мүмкіндігі берілді.</p> <p>«Көңілді бастаулар», жетекшісі - Алтаева Адэля, 1-курс студенті. Ақтау қаласындағы №2 арнайы мамандандырылған мектептің негізінде мүмкіндігі шектеулі балдарға арналып “Көңілді бастаулар” спорттық сайысы ұйымдастырылды. Қатысушыларға дипломдар мен тәтті сыйлықтар табысталып, мектепке теннис үстелі сыйға тартылды.</p> <p>«Еріктілер қозғалысы», жетекшісі Чығырбаева Құрбанай, магистрант. Қала және облыс әкімдігінің қолдауын алған жоба шеңберінде көп балалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан 100 бала үшін “Балаларға қуаныш сыйлайық” атты жаңа жылдық қайырымдылық шарасы ұйымдастырылды. Еріктілер өз қолымен сахналық киімдерді тігіп, демеушілерден сыйлықтар жинаған.</p> <p>«Design by Madinkoss», жетекшісі – Қосманғанбетова Мадина. Жобаның мақсаты матадан сөмке тігу, әшекейлер (сәнді түйреуіш, шаш қыстырғыш, диадема) мен кәде сыйлықтар жасауға еріктілерді тарту. Жобаға 31 ерікті қатысып, жасалған бұйымдар №7 жоба шеңберінде мерекені ұйымдастыру үшін қолданылды.</p> <p>«Біздің уақыт» және «Еріктілер қозғалысы» жобалар “Үздік әлеуметтік жоба” номинациясына ие болды, оның жетекшілері дипломдар мен бағалы сыйлықтар алды.</p>

<p>3. «Жастар Жетістіктері» ҚҚ</p>	<p>«Болашаққа бағдар»</p>	<p>Ақтау қаласының 25 мектебінде және Бейнеу ауданы, Боранқұл ауылының 3 мектебінде “Кәсіби бағдар”, “Кәсіби тұрғыда өз өмірін анықтау” кешенді бағдарламаларын енгізу, пән мұғалімдерінің кәсіби бағдардың коммуникативтік әдістері саласында оқыту және біліктілігін арттыру және сәйкес тәжірибе алу мүмкіндігін ұсыну арқылы оқушылардың мамандықты саналы түрде таңдауларына ықпал ету.</p> <p>Міндеттері:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жобаға қатысатын білім беру мекемелерінде кәсіби бағдар бойынша атқарылатын жұмысты бағалау (фокус-топтарда талқылаулар, сауалнамалар өткізу); 2. Мекемелердің, оқу орындарының, ата-аналардың қажеттіліктерін анықтау; 3. Мектептермен кәсіби бағдар бағдарламасын енгізу туралы келісім жасасу; 4. Білім беру мекемелерін қажетті оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету; 5. Мұғалімдердің “Кәсіби тұрғыда өз өмірін анықтау”, “Кәсіби оқу негіздері” бағдарламаларын оқыту саласында әлеуетін арттыру; 6. 2018-2019 оқу жылында 200 сыныпта “Кәсіби бағдар” қосымша пәнін енгізуге ықпал ету; 7. “Кәсіби тұрғыда өз өмірін анықтау”, “Кәсіби оқу негіздері” бағдарламаларын мектептерде жүзеге асыруды қадағалау; 8. Білім беру мекемелерінің кәсіпорындарға экскурсия ұйымдастыруларына, сондай-ақ, кәсіпорын өкілдерінің оқушылармен кездесулеріне ықпал ету; 9. Кәсіби бағдар бағдарламасы аясында “Үздік мектеп”, “Үздік мұғалім” конкурсын ұйымдастыру. 	<p>Жоба шеңберінде келесі шаралар орындалды:</p> <ul style="list-style-type: none"> – Жобаның серіктестерімен өзара ынтымақтастық туралы ақпараттық кездесулер мен келіссөздер өткізілді. – 180 мұғалім үшін екі күндік оқыту өткізілді. – Құрамына 400 оқушы кірген қатысушыларды алдын ала іріктеу аяқталды. Оқушылармен кездесулер барысында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. – Ақтау қаласының білім басқармасының өтініші бойынша кәсіптік бейімдеу әдістемесіне оқыту жөнінде қосымша оқыту семинары өткізілді. Сонымен қатар, жобаның алғашқы көлеміне кірмеген кешкі және арнайы мамандандырылған мектептердің мұғалімдеріне арнап оқыту өткізілді. Осылайша оқытудан өткен мұғалімдер саны 210 адамды құрады. – Жоба шеңберінде екі дөңгелек үстел өткізілді (Ақтау қаласы мен Боранқұл ауылында). Оның тақырыбы “Кәсіптік бейімдеу бағдарламасын орта мектептерге енгізудің маңыздылығы” болды, оған ҰЕҰ мен білім басқармасының өкілдері, мектеп директорлары мен басқа да мүдделі тараптар қатысқан. – Ақтау қаласы мен Боранқұл ауылының білім беру ұйымдары үшін 13 940 қажетті оқыту-әдістемелік құралдар ұсынылды. – 2019-2020 оқу жылдары Ақтау қаласы мен Боранқұл ауылының барлық мектептерінде кәсіптік бейімдеу дәрістері қосымша сабақ, 5-11 сынып оқушыларына арналған мамандықтар үйірмесі ретінде енгізілді. Жоба шеңберінде оқытудан кейін мұғалімдер үшін қосымша сағат пен сыныптар бөлінді. «Жастар Жетістіктері» ҚҚ қызметкерлері мұғалімдер үшін жүйелі түрде кеңес беріп отырды. – Нәтижесінде 4740 оқушы қосымша сабақтарға қатысады; 173 мұғалім осы сабақтарды өткізіп, шеберлік сабақтарын ұйымдастырады, кәсіпорындарға экскурсиялар ұйымдастырып, кәсіп өкілдерімен кездесулер өткізеді және ата-аналарға оқыту жүргізіп, әртүрлі сайыстар өткізеді. – Ақтау қаласындағы және Боранқұл ауылындағы мектептерде «Мен кім боламын?» тақырыбындағы стендтер орнатылды. Ақпараттық стендтердің мазмұны қызықты әрі өзекті болуы үшін олар тоқсан сайын жаңартылып тұрады. – Қыркүйек пен желтоқсан айлары аралығында “Жастар Жетістіктері” ҚҚ қызметкерлері бақылау жүргізіп, әдістемелік көмек көрсету үшін 8 мектепті аралады. – 2019 жылдың қарашасында “Кәсіптік бейімдеуде бизнестің рөлі” тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Оның барысында әр түрлі салалардың кәсіпкерлерімен мектептерде ашық есік күндерін өткізу туралы келісімге қол жеткізілді. Мақсаты табысты кәсіпорындар жетекшілерінің оқушылармен және олардың ата-аналарымен кездесуін қамтамасыз ету болып табылады. – Бірнеше номинация бойынша сайысты ұйымдастырумен жоба аяқталды: <ul style="list-style-type: none"> ○ Малика Бекмұқашева «Кәсіптік бейімдеу жөнінде үздік мұғалім» атанды, «Боранқұл» орта мектебі ○ Гүлнәр Құттыбай “Кәсіптік бейімдеу жөніндегі ең үздік мектеп” номинациясы бойынша бірінші орынды жеңді, Ақтау қаласындағы М.Әуезов атындағы №20 орта мектеп ○ Ақтау қаласындағы М.Әуезов атындағы №20 орта мектептің оқушысы Бекзат Алдияр «Үздік шығарма» номинациясының жеңімпазы атанды. Тақырыптар «Менің таңдаған мамандығым», «Менің өмірдегі жоспарым», «Менің болашағым және мүмкіндіктерім» туралы болды.
<p>4. “Риза-Ана” ҚҚ</p>	<p>«Үміт» / «Надежда»</p>	<p>Түпқараған ауданында 20 жұмыссыз әйелді нарықта сұранысқа ие дағдылар мен білім, сондай-ақ, кәсіпкерлік негіздерін үйрету арқылы жұмыссыздық деңгейін төмендету.</p>	<p>Жобаны жүзеге асыру үшін келесі қадамдар орындалды:</p> <ul style="list-style-type: none"> – Жобаға 20 жұмыссыз әйел таңдалып алынды. – Бағдарламалар мен шеберлік сабақтары таңдап алынған қатысушылардың қажеттіліктеріне қарай бейімделді. – “Бизнес негіздері” бойынша 2 оқыту семинары өткізілді. – Курстар өткізілді: 5 адам - пішу және тігу курстары, 6 адам - визажист курстары, 7 адам - үйде тағам пісіру, 2 адам - маникюр шебері, – Кеңес беру жөнінде әйелдермен 2 кездесу өткізілді. <p>Әйелдер нарыққа қажетті мамандықтар бойынша оқытудан өткеннен кейін, тағы бір оқыту семинары өткізілді. Оған Түпқараған аудандық кәсіпкерлік бөлімінің, жастар саясаты бөлімінің өкілдері, сондай-ақ “Атамекен” кәсіпкерлер палатасының өкілдері қатысты. Олар «НұрКапитал», «Бизнес Бастау», «Кәсіпкер», «Жұмыспен қамту», «Жас Проект» сияқты жобалар туралы айтып берді.</p> <p>Жобаның нәтижелері: 20 әйел оқытудан өтті, олардың 60%-ы жұмыспен қамтылды.</p>
<p>5. «Өркениетті келешек» қоғамдық қоры</p>	<p>Мүмкіндігі шектеулі балаларды оңалту қызметтерінің сапасын арттыруға бағытталған “Періште” оңалту және дамыту орталығын ашу.</p>	<p>Ақтау қаласындағы йога, жүзу және ата-аналармен жұмыс жүргізу - емдеу әдістерімен кешенді түрде инновациялық жабдықты пайдалану арқылы мүмкіндігі шектеулі балаларды тиімді оңалту әдістерін жақсартуға көмек көрсетуге арналған оңалту орталығын ашу. Мүмкіндігі шектеулі балалардың рухани және физикалық дамуы және олардың ата-аналарына көмек көрсету. Мемлекеттік оңалту қызметтерінің сапасын арттыруға көмек көрсету.</p>	<p>2019 жылы наурызда орталықтың мамандары “Синхро-С” миды биоакустикалық түзету жабдығын сатып алу және үш күндік курсты өту үшін Санкт-Петербург қаласына барды. Сәуір айынан бастап, келесі диагностармен ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған оңалту бағдарламасы бойынша жұмыстар басталды: Балалардағы церебралды сал ауруы, аутистік спектрдің бұзылуы, Даун синдромы, сөйлеу қабілетінің тежелуі. Оңалту бағдарламасы емдік массажды, физиотерапияны, соның ішінде иппотренажерді, миды биоакустикалық түзету жабдығының негізінде музыкалық терапияны, тұрақты түрде йогамен айналысуды қамтыды (аптасына үш рет). Жоба шеңберінде балалар мен олардың ата-аналарына арналған семинарлар мен танысулар өтті. Жобаның бүкіл кезеңінде 120-дан аса бала оңалту курсынан өтіп, жақсы нәтижелер көрсетті. Ата-аналардан оң пікірлер көптеп алынды. Оңалту нәтижесінде</p>

			балалардың ұйқысы жақсарып, асқан белсенділік азайып, баланың физикалық жағдайы жақсарады, сөздері анығырақ бола бастайды. Кейбір балалар өз ойын айқын жеткізіп, басын дұрысырақ ұстап, жақсырақ жүре бастаған.																								
6. Орталық Азияның Еуразия қоры	«Жарқыра» әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы	Міндеті: Ақтау және Форт-Шевченко қалалары мен Боранқұл және Баутино ауылдары жұртшылығының әлеуметтік, экономикалық және экологиялық проблемаларын тұрақты кәсіпкерлік шешімдермен қамтамасыз етуге бағытталған инновациялық әлеуметтік бастамаларды қолдау.	«Жарқыра» әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасының аясында 2018 жылы әлеуметтік кәсіпкерлік идеяларына байқау өткізілді. Барлығы 37 өтініш қабылданып, құрамына ТШО өкілдері де кіретін сарапшылар комитеті 20 үздік концепцияның авторларын іріктеп алды. Орталық Азияның Еуразия қоры жартылай финал қатысушылары үшін маркетинг, қаржы, стратегиялық жоспарлау және жұрт алдында сөз сөйлеу бойынша бизнес-тренингтер өткізді. Сонымен қатар, қатысушылар бизнес-жоспарды әзірлеуде кеңесшілердің көмегін алды.																								
		Мақсат 1: әлеуметтік кәсіпкерлік туралы ақпараттандыру науқаны арқылы жұртшылыққа әлеуметтік-экономикалық проблемалардың инновациялық шешімдерін іздеу мүмкіндіктерін ұсыну	Нәтижесінде, 2019 жылдың 26-27 ақпаны аралығында 16 жартылай жеңімпаз өзінің әлеуметтік жобаларын сарапшылар комитетіне ұсынды. 5 жоба қаржылай қолдау үшін таңдалып, біреуі грантқа және төртеуі бес жылдық пайызсыз несие алуға, сонымен қатар 7 кәсіби тағылымдамадан өтуге жіберілді. Жеңімпаздар:																								
		Мақсат 2: жаңа бастаған әлеуметтік кәсіпкерлерге қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталған жаңа бастамаларын жүзеге асыруда білімдік, қаржы және консультациялық қолдау көрсету.																									
			<table border="1"> <thead> <tr> <th>Жеңімпаздар:</th> <th>Жоба</th> <th>Бағдарлама қолдауы</th> <th>Әлеуметтік идея</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>1. Жалғасбаев Нұрлан</td> <td>STEM балалар мен жасөспірімдер білімі</td> <td>Кәсіби тағылымдама</td> <td>Робототехника, құрылым жасау, бағдарлама құру, модельдеу, үш өлшемді жобалау және тағы басқалар, яғни қазіргі заманның балдары қызығатын барлық дүние. Осындай қызығушылықтарды жүзеге асыру үшін аса күрделі дағдылар мен біліктіліктер қажет. Жоба оқушыларға келешек мамандығын таңдауға көмектеседі, кәсіпкерлік шеберлігін және инженерлік ойлауын дамытады.</td> </tr> <tr> <td>2. Махамбетова Айнагүл</td> <td>Инсульт пен жарақат алғаннан кейінгі науқастарды медициналық оңалту</td> <td>Пайызсыз несие және кәсіби тағылымдама</td> <td>Мүмкіндігі шектеулі адамдарды қалыпты өмір сүруге қайтару. Инсульт, әртүрлі жарақаттарды, нейрохирургиялық ота жасалған адамдарды медициналық оңалту.</td> </tr> <tr> <td>3. Шалқарова Айбала</td> <td>Балалардың көру қабілетін қалпына келтіру кабинеті</td> <td>Кәсіби тағылымдама</td> <td>Қазіргі уақытта көп балдар мен жасөспірімдердің көру қабілетінің нашарлауы мен әртүрлі көз ауруларына ұшырап жатқандығы байқалады. Туылғанда олардың көздері жақсы көрген. Дегенмен, кейбір емханалар “компьютерлік көру синдромы” секілді диагнозды қоймайды. Бірақ күнделікті жаттығулар арқылы түрлі көз ауруының алдын алуға болады. Осылайша, жоба көз ауруларының алдын алуға көмегін тигізеді.</td> </tr> <tr> <td>4. Сәрсенов Ержан</td> <td>Балалар үшін акробатикалық спорт түрін дамыту</td> <td>Пайызсыз несие және кәсіби тағылымдама</td> <td>Физикалық тұрғыдан әлсіз, көзі нашар көретін балалар үшін акробатикалық спорт түрімен айналысуға мүмкіндік беру, 4-тен 16-жасқа дейінгі балаларға спорт үйірмелерінің қол жетімді бағаға кең түрін ұсыну, болашақ жаттықтырушыларды акробатикалық спорт түріне үйрету. Физикалық тұрғыдан әлсіз балалар өз денсаулығын түзетіп, көзі нашар көретіндер спортпен айналысу мүмкіндігіне ие болады. Табысы төмен отбасылардан шыққан көптеген балалар үшін қол жетімді болады. Акробатикалық спорт түрінен жас жаттықтырушылардың резерві құрылады.</td> </tr> <tr> <td>5. Бекманова Райхан</td> <td>Тұшпара дайындау цехы</td> <td>Пайызсыз несие және кәсіби тағылымдама</td> <td>Үйдегі зорлық-зомбылық құрбандары үшін күйзеліс орталығы көмектеседі, бірақ оның өзі жыл сайын мемлекеттік қаржыландыруға және гранттарға тәуелді болып жатады. Тұрмыстық зомбылыққа ұшыраған әйелдер рухани және әлеуметтік тұрғыдан басылып қалады, уақытша еңбекке жарамсыз болып, балалары</td> </tr> </tbody> </table>	Жеңімпаздар:	Жоба	Бағдарлама қолдауы	Әлеуметтік идея	1. Жалғасбаев Нұрлан	STEM балалар мен жасөспірімдер білімі	Кәсіби тағылымдама	Робототехника, құрылым жасау, бағдарлама құру, модельдеу, үш өлшемді жобалау және тағы басқалар, яғни қазіргі заманның балдары қызығатын барлық дүние. Осындай қызығушылықтарды жүзеге асыру үшін аса күрделі дағдылар мен біліктіліктер қажет. Жоба оқушыларға келешек мамандығын таңдауға көмектеседі, кәсіпкерлік шеберлігін және инженерлік ойлауын дамытады.	2. Махамбетова Айнагүл	Инсульт пен жарақат алғаннан кейінгі науқастарды медициналық оңалту	Пайызсыз несие және кәсіби тағылымдама	Мүмкіндігі шектеулі адамдарды қалыпты өмір сүруге қайтару. Инсульт, әртүрлі жарақаттарды, нейрохирургиялық ота жасалған адамдарды медициналық оңалту.	3. Шалқарова Айбала	Балалардың көру қабілетін қалпына келтіру кабинеті	Кәсіби тағылымдама	Қазіргі уақытта көп балдар мен жасөспірімдердің көру қабілетінің нашарлауы мен әртүрлі көз ауруларына ұшырап жатқандығы байқалады. Туылғанда олардың көздері жақсы көрген. Дегенмен, кейбір емханалар “компьютерлік көру синдромы” секілді диагнозды қоймайды. Бірақ күнделікті жаттығулар арқылы түрлі көз ауруының алдын алуға болады. Осылайша, жоба көз ауруларының алдын алуға көмегін тигізеді.	4. Сәрсенов Ержан	Балалар үшін акробатикалық спорт түрін дамыту	Пайызсыз несие және кәсіби тағылымдама	Физикалық тұрғыдан әлсіз, көзі нашар көретін балалар үшін акробатикалық спорт түрімен айналысуға мүмкіндік беру, 4-тен 16-жасқа дейінгі балаларға спорт үйірмелерінің қол жетімді бағаға кең түрін ұсыну, болашақ жаттықтырушыларды акробатикалық спорт түріне үйрету. Физикалық тұрғыдан әлсіз балалар өз денсаулығын түзетіп, көзі нашар көретіндер спортпен айналысу мүмкіндігіне ие болады. Табысы төмен отбасылардан шыққан көптеген балалар үшін қол жетімді болады. Акробатикалық спорт түрінен жас жаттықтырушылардың резерві құрылады.	5. Бекманова Райхан	Тұшпара дайындау цехы	Пайызсыз несие және кәсіби тағылымдама	Үйдегі зорлық-зомбылық құрбандары үшін күйзеліс орталығы көмектеседі, бірақ оның өзі жыл сайын мемлекеттік қаржыландыруға және гранттарға тәуелді болып жатады. Тұрмыстық зомбылыққа ұшыраған әйелдер рухани және әлеуметтік тұрғыдан басылып қалады, уақытша еңбекке жарамсыз болып, балалары
		Жеңімпаздар:	Жоба	Бағдарлама қолдауы	Әлеуметтік идея																						
		1. Жалғасбаев Нұрлан	STEM балалар мен жасөспірімдер білімі	Кәсіби тағылымдама	Робототехника, құрылым жасау, бағдарлама құру, модельдеу, үш өлшемді жобалау және тағы басқалар, яғни қазіргі заманның балдары қызығатын барлық дүние. Осындай қызығушылықтарды жүзеге асыру үшін аса күрделі дағдылар мен біліктіліктер қажет. Жоба оқушыларға келешек мамандығын таңдауға көмектеседі, кәсіпкерлік шеберлігін және инженерлік ойлауын дамытады.																						
2. Махамбетова Айнагүл	Инсульт пен жарақат алғаннан кейінгі науқастарды медициналық оңалту	Пайызсыз несие және кәсіби тағылымдама	Мүмкіндігі шектеулі адамдарды қалыпты өмір сүруге қайтару. Инсульт, әртүрлі жарақаттарды, нейрохирургиялық ота жасалған адамдарды медициналық оңалту.																								
3. Шалқарова Айбала	Балалардың көру қабілетін қалпына келтіру кабинеті	Кәсіби тағылымдама	Қазіргі уақытта көп балдар мен жасөспірімдердің көру қабілетінің нашарлауы мен әртүрлі көз ауруларына ұшырап жатқандығы байқалады. Туылғанда олардың көздері жақсы көрген. Дегенмен, кейбір емханалар “компьютерлік көру синдромы” секілді диагнозды қоймайды. Бірақ күнделікті жаттығулар арқылы түрлі көз ауруының алдын алуға болады. Осылайша, жоба көз ауруларының алдын алуға көмегін тигізеді.																								
4. Сәрсенов Ержан	Балалар үшін акробатикалық спорт түрін дамыту	Пайызсыз несие және кәсіби тағылымдама	Физикалық тұрғыдан әлсіз, көзі нашар көретін балалар үшін акробатикалық спорт түрімен айналысуға мүмкіндік беру, 4-тен 16-жасқа дейінгі балаларға спорт үйірмелерінің қол жетімді бағаға кең түрін ұсыну, болашақ жаттықтырушыларды акробатикалық спорт түріне үйрету. Физикалық тұрғыдан әлсіз балалар өз денсаулығын түзетіп, көзі нашар көретіндер спортпен айналысу мүмкіндігіне ие болады. Табысы төмен отбасылардан шыққан көптеген балалар үшін қол жетімді болады. Акробатикалық спорт түрінен жас жаттықтырушылардың резерві құрылады.																								
5. Бекманова Райхан	Тұшпара дайындау цехы	Пайызсыз несие және кәсіби тағылымдама	Үйдегі зорлық-зомбылық құрбандары үшін күйзеліс орталығы көмектеседі, бірақ оның өзі жыл сайын мемлекеттік қаржыландыруға және гранттарға тәуелді болып жатады. Тұрмыстық зомбылыққа ұшыраған әйелдер рухани және әлеуметтік тұрғыдан басылып қалады, уақытша еңбекке жарамсыз болып, балалары																								

			<p>болған соң, экономикалық жағынан тәуелді болып жүреді. Бұл жоба осындай әйелдерге жұмыс істеп, өздігінен ақша табу мүмкіндігін береді.</p> <p>6. Асырова Лаура Ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін инклюзивті бос уақыт өткізу (би терапиясы және жағажай) Сайыстың гранты және кәсіби тағылымдама</p> <p>Жоба шеңберінде билеу және теңіздің жағасында болу арқылы инклюзивті бос уақыт ұйымдастырылады. Бенефициары болып табылатын мүгедек балалар мен жастар суда тұра алатын арнайы кресло-арбаның көмегімен арнайы бейімделген жағажайда теңізге түсе алады. Сондай-ақ билеуге арналған арнайы мүгедектер арбасы мен тасымалды пандустардың арқасында олар ешбір кедергісіз билеп, студияға кіре алады. Осылайша жоба қол жетімді және кедергісіз орта үшін өз үлесін қосып, теңдей мүмкіндіктерді қалыптастыра алады.</p> <p>7. Ордабаева Самал Балабақша жанындағы ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған оңалту кабинеті Пайызсыз несие және кәсіби тағылымдама</p> <p>Жоба үшін сұратылып жатқан қаражат жаңа жергілікті бала-бақшада мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған ойын алаңы мен бөлмесін жабдықтауға жұмсалады деп жоспарлануда. Қызметтер тегін көрсетіледі.</p>
<p>7. Орталық Азияның Еуразия қоры</p>	<p>Қоғамдық орындар</p>	<p>Баутин, Боранқұл және Форт-Шевченко жергілікті жұртшылығымен белсенді түрде бірлесіп әрекет ету арқылы қоғамдық орындарды абаттандыру.</p> <p>Міндеттері:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Баутин және Боранқұл ауылы мен Форт-Шевченко қаласы қоғамдың орындарының инфрақұрылымына қатысты негізгі міндеттерді анықтау; 2. Жергілікті жұртшылыққа қоршаған қоғамдық орындардың инфрақұрылымын жақсартуға көмектесу. 	<p>Бірқатар семинарлар мен консультациялардан кейін 2019 жылдың 15 желтоқсанынан 21 қаңтарына дейін Форт Шевченко қаласында, Баутино және Боранқұл ауылдарында «Бірге біз күштіміз!» тақырыбында шағын жобалар байқауы ұйымдастырылды. Аталған байқау нәтижелері бойынша жалпы құны 17 млн теңге болатын 10 жоба жеңіп шықты. Барлық жобалар берілген мерзімде аяқталды.</p> <p>Форт Шевченко қаласында 3 жоба:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. «Жастар аллеясы». Жобаның мақсаты: қоғамдық орында жастарға арналған бос уақыт өткізу аумағын ашу. 2. «Күншуақ» балалар алаңы. Жобаның мақсаты: спорт алаңын жанартып, оның жанына Абай көшесінің бойынан балаларға бос уақыт өткізуге арналған «Күншуақ» ойын алаңын салу. Жобаның күйі: аяқталған. 3. Жергілікті тұрғындармен бірлесе отырып, Форт-Шевченко қаласының Еркеғұлов көшесіндегі спорт алаңын қалпына келтіру. Жобаның мақсаты: жергілікті тұрғындардың күшімен Форт-Шевченко қаласының Еркеғұлов көшесіндегі спорт алаңын қалпына келтіру. Жобаның күйі: аяқталған. <p>Баутино ауылында 2 жоба:</p> <ol style="list-style-type: none"> 4. «Ана мен бала кеңес беру бөлмесін ашу». Жобаның мақсаты: әйелдер мен балалардың денсаулығын сақтау, дені сау әрі қалаулы нәрестелердің дүниеге келуіне ықпал ету, аналар мен сәбилердің өлім-жітім көрсеткішін азайту және емделушілерге саламатты өмір салтын ұстануға көмектесу. Кеңес беру бөлмесінде тиісті мамандар болашақ ананы босануға әзірлейді. Жас аналарға баланы күтіп-бағуға қатысты кеңестер, ақпараттық және оқулық материалдар беріліп, семинарлар ұйымдастырылады. 5. «Отбасымен демалайық». Жобаның мақсаты: Баутино ауылының тұрғындары мен балалары үшін бос уақыт өткізуге арналған демалыс аймағын салу. Жобаның күйі: аяқталған. <p>Боранқұл ауылында 5 жоба:</p> <ol style="list-style-type: none"> 6. «Отанды қорғау мектеп орындығынан басталады». Оқушыларды отан сүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында мектепте кедергілер жолағын құру. Жобаның күйі: аяқталған. 7. «Үміт нұры». Жобаның мақсаты: Боранқұл ауылындағы мүмкіндігі шектеулі балаларға арнап емдеу-сауықтыру жаттығуларын өткізуге арналған арнайы кабинет жабдықтау Жобаның күйі: аяқталған. 8. «Балажай – бақытты балалық шақтың мекені!». Жобаның мақсаты: “Балаларды қорғау” күніне орай балаларға арнап ойын алаңын ашу. Жобаның күйі: аяқталған. 9. “Мектебім менің мекенім». Жоба мақсаты: мектеп ауласында тротуар жолағын салып, пайдалануға беру. 10. «Саламатты ұрпақ – мемлекеттің табысты болашағы». Жобаның мақсаты: мектеп оқушылары мен мұғалімдерін сапалы ауызсумен қамтамасыз ету үшін асханаға ауызсу құбырын тарту, бастапқы әскери дайындық үшін саптық алаң мен кедергілер жолағын құру, эстетикалық пәндер бойынша сабақ өткізу үшін 25 адамдық шатыр құру.

<p>8. Британдық кеңес</p>	<p>Ағылшын тілімен табысқа жет</p>	<p>Ақтау, Құрық, Баутин және Боранқұл елді мекендерінде ағылшын тілі мен негізгі пәндер мұғалімдерінің әлеуетін арттыру.</p> <p>Міндеттері:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жобаның облыс бойынша кеңейіп, қолдауға ие болуы үшін ағылшын тілі мен дәлдік ғылымдардың мұғалімдерінің жоғары білікті және тәжірибелі орталық командасын құру. 2. Елді мекендердегі барлық мектептердің және Есенов атындағы университеттің барлық мұғалімдерінің педагогикалық әлеуетін дамыту. 3. Елді мекендердегі барлық мектептердің және Есенов атындағы университеттің барлық мұғалімдерінің дәлдік ғылымдарды ағылшын тілінде оқыту және өздерінің оқу бағдарламаларында тәжірибеге (зерттеуге), проблема шешіміне негізделген оқыту әдісін пайдалану саласында педагогикалық әлеуетін дамыту. 	<p>2019 жылы келесі іс-шаралар өткізілді:</p> <ul style="list-style-type: none"> – Маңғыстау облысының білім беру жүйесіне шолу зерттеуі жүргізілген; – Маңғыстау облысының әкімдігімен өзара түсіністік меморандумына қол қойылды; – Басқарушы топтың 2 отырысы өткізіліп, оған оның 18 мүшесі қатысты; – 7 негізгі білім беру мекемелері жұмылдырылды; – 12 жоба презентациясы жасалды; – 94 ағылшын тілінің және 96 STEM мұғалімдеріне арналған біліктілікті арттыру жөнінде 4 семинар өткізілді; – Жобаға Ақтау қаласының, Бейнеу, Қарақия және Түпқараған аудандарының 37 мектебі мен 6 колледжі, 1 университет және “Өрлеу” ұлттық біліктілікті арттыру орталығы жұмылдырылған; – Семинарлардан кейін қызмет көрсетуге қатысып жатқан 180 мұғалім; – Ағылшын тілі және STEM бойынша мектепке қарасты лагерлердің 32 жетекшісі оқудан өтті; – Ақтау қаласында және аудандарда ағылшын тілі мен STEM жөніндегі мектепке қарасты 9 лагерь ұйымдастырылды, 184 оқушы мектеп демалысы кезінде лагерьге барған. <p>Бірінші жобаның нәтижелері:</p> <ul style="list-style-type: none"> – Негізгі білім беру органдары жобаға басты стратегиялық серіктес және Британдық кеңес бұрын қатыспаған облыста жобаны жүзеге асырушы серіктес ретінде жұмылдырылған. – Маңғыстау облысында дәріс беру тәжірибесін тарату үшін ағылшын тілі мен STEM жөнінде нұсқаушылар тобы құрылған. – Мұғалімдердің басым бөлігі білім берудің белсенді тәжірибесін терең түсініп, оқушыларда үйрену дағдыларын дамытудың нақты тәжірибесін меңгерді. – Ағылшын тілі мен STEM бойынша мектепке қарасты лагерлер концепциясын жүзеге асыру үшін лагер жетекшілерінің тобы құрылды.
<p>9. Қазақстанның отбасылық дәрігерлер қауымдастығы (ҚОДҚ)</p>	<p>Маңғыстау облысында медициналық көмек көрсету сапасы мен шарттарын жақсарту, жұртшылықтың өз денсаулығын сақтауға қызығушылығы мен ынтасын арттыру.</p>	<p>Жобаның міндеттері:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. жергілікті әкімшілікпен, медициналық қызметкерлермен және мүдделі тараптармен бірлесе отырып, Қарақия ауданы, Түпқараған ауданының Баутин ауылы және Бейнеу ауданының Боранқұл ауылы тұрғындарына алғашқы медициналық және санитарлық көмек көрсетуді оңтайландыру, халыққа алғашқы медициналық және санитарлық көмек көрсету командаларының жұмыс жағдайларын жақсарту; 2. ауданның медициналық қызметкерлерін оқыту және клиникалық білім мен дағдылар бойынша пайда болған бірлескен жұмыс барысында, науқас пен қызметкерлер арасындағы байланыс кезінде ҚОДҚ мамандарының кәсіби қолдауын көрсету; 3. аудандардағы медициналық қызметкерлерді 15 ақпараттық жүйелерде, электронды денсаулық сақтаудың 17 жол картасы бойынша порталдар мен регистрлерде, сонымен қатар офистық бағдарламалармен жұмыс істеу дағдыларына үйрету, техникалық қолдау көрсету; 4. Қарақия ауданы жұртшылығының, ең алдымен мектеп оқушыларының жүрек-қан тамырлары аурулары, диабет сияқты денсаулыққа төнетін негізгі қауіптер, репродуктивті және психикалық денсаулық жөніндегі білімін арттыруға бағытталған науқандар; 5. Медициналық колледж мұғалімдерінің практикалық білімі мен машықтары арқылы облыстық білім беру ұйымдарының әлеуетін арттыру, жұртшылықпен тиімді жұмыс істей алатын, белгілі бір топтарға өздігінен консультация беріп, емдей алатын студенттер мен түлектер шоғырын құру. 	<p>Жобаның мақсатын ескере отырып, Маңғыстау облысында алғашқы медициналық көмек беру сапасын арттыру, сонымен қатар қызмет көрсетудің инновациялық және науқастарға бейімделген тәжірибесін қалыптастыра отырып, науқастардың денсаулық сақтау саласына қызығушылығын арттыру, Қазақстанның отбасылық дәрігерлер қауымдастығы Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының мақұлдауымен 2019 жылдың сәуірі мен желтоқсан аралығында келесі шараларды жүзеге асырды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы мен Құрық ауылының денсаулық сақтау органдары арасында серіктестік келісімге қол қойылды; 2. Алматы қаласында өткен Қазақстанның отбасылық дәрігерлер қауымдастығының IV жиынына 2 адамның баруын және қатысуын ұйымдастыру (Құрық ауылының жалпы практика дәрігері мен бас дәрігері); 3. Құрық ауылының бас дәрігері үшін Алматы облысының Кеңдала ауылындағы медициналық мекемесімен таныстыруды ұйымдастыру. Мақсаты ұйымдастыру мәселесін және медбике қызметкерлеріне жауапкершілікті табыстауды зерттеу; 4. 40 медициналық қызметкер үшін коммуникация сұрақтары бойынша 3 күндік оқытуды өткізу; 5. Денсаулық сақтауға арналған машықтар, гигиена, көшбасшылық қасиеттер, көкейтесті ойлау және ұжым болып жұмыс жасау тақырыптары бойынша Ақтау қаласы медициналық колледжінің 400 студенті үшін 3 күндік оқытуды өткізу; 6. 30 медбике үшін жұқпалы ауруы жоқ науқастарға қараудың практикалық дағдылары бойынша 3 күндік оқытуды өткізу; 7. 14 дәрігерге арналған артериялық гипертензиясы бар науқастарға қарау жөнінде 5 күндік оқыту курсы өткізу; 8. 14 дәрігерге арналған диабетпен ауыратын науқастарға қарау жөнінде 5 күндік оқыту курсы өткізу; 9. 14 дәрігерге арналған созылмалы жүрек жеткіліксіздігі бар науқастарға қарау жөнінде 5 күндік оқыту курсы өткізу; 10. Құрық ауылының 2213 оқушысына арналған 100 сабақ өткізу. Оның тақырыбы денсаулықты қорғауға арналған машықтарды қалыптастыру болды, атап айтқанда қолды дұрыстап жуу, ауызды шынтақпен жауып жөтелу, суды көбірек ішу, жемістер мен көкөністерді жеу және т.б.; «Zerte» компаниясының логотипі, ұраны, әрекетке шақыру сөздері бар мектеп заттарын оқушыларға тарату (қалам, жабыстырғыш қағаз, постер, футболка және су шөлмегі); 11. Құрық ауылындағы денсаулық сақтау мекемелерін жөндеу мақсатында жоспарлау, жобалау, жабықтаушыларды іріктеу және логистиканы пысықтау жұмыстарын жүргізу; 12. Құрық ауылының медициналық мекеме қызметкерлері үшін 22 ноутбукты, операциялық жүйені және компьютер заттарын сатып алу; 13. 12 500-ге жуық тұрғыны бар 7 аумаққа қызмет көрсетіп жатқан 6 дәрігер мен 22 медбике үшін электронды денсаулық сақтау бойынша 18 күндік оқыту курсы өткізу. 14. Құрық ауылының артериалды гипертензиясы, диабеті, демікпесі, созылмалы обструктивті өкпе ауруы, жүрек-қан тамыры ауруы, пневмониясы, семіздігі, жүктілік кезінде гипертензиясы бар 35 ауыр науқасқа кеңес беру; 15. Жобаны жүзеге асыру, басқару және бақылау шеңберінде 3 тексеру сапарын жасау.